

Волейболдан әйелдер командалары арасында V Азия Кубогын өткізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2003 жылғы 9 қаңтар N 2-ө. Күші жойылды - КР Премьер-Министрінің 2003.12.25. N 319 өкімімен.

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің және Азия Волейбол конфедерациясының (AVC) 2003 жылғы 1-9 маусым кезеңінде Алматы қаласында волейболдан әйелдер командалары арасында V Азия Кубогын (бұдан әрі - Азия Кубогы) өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Азия Кубогына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Алматы қаласының өкімі Қазақстан Республикасының Волейбол федерациясымен келісім бойынша Азия Кубогына дайындықты және оны Алматы қаласында Балуан Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайында өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің сақталуын, қатысуышылар мен ресми адамдар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде олардың қауіпсіздігін, Азия Кубогына қатысуышы шетелдік азаматтардың Алматы қаласының қонақ үйлерінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Азия Кубогына дайындық және оны өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азия Кубогына қатысуышыларға көліктің қызметі көрсетілуін қамтамасыз етуге жәрдемдессін.

7. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі берген тізім бойынша Азия Кубогына қатысуышылар мен ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

Премьер-министр

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

2 0 0 3

ж ы лғ ы

9

қ а н т а р д а ф ы

N 2

ө к і м і м е н

бекітілген

Волейболдан әйелдер командалары арасында V Азия Кубогына дайындық және оны өткізу жөніндегі үйымдастыру комитетінің ҚҰРАМЫ

Тұрлыханов	- Қазақстан Республикасы
Дәулет Болатұлы	Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің төрағасы, төраға
Храпунов	- Алматы қаласының әкімі,
Виктор Вячеславович	төрағаның орынбасары
Атамқұлов	- Қазақстан Республикасы
Ерлан Дұмшебайұлы	Волейбол федерациясының вице-президенті, төрағаның орынбасары
(келісім бойынша)	
Әбенов	- Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің
Сұлтан Мұрашұлы	
кеңесшісі	
Рябченко	- Қазақстан Республикасы
Олег Григорьевич	Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші вице-министрі
Лавриненко	- Қазақстан Республикасының
Юрий Иванович	Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі
Отто	- Қазақстан Республикасының
Иван Иванович	Ішкі істер вице-министрі
Қуанышев	- Қазақстан Республикасының
Дулат Оразбекұлы	Сыртқы істер вице-министрі
Баталов	- Алматы облысы әкімінің
Амандақ Ғаббасұлы	орынбасары
Тәжібай	- Қазақстан Республикасының
Бақытбек	Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары
Гуськов	- Қазақстан Республикасының
Юрий Петрович	Туризм және спорт жөніндегі

а г е н т т і г і с п о р т

басқармасының бастығы

- | | |
|-------------------------|--|
| Түкиев
Серік Адамұлы | - Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт жөніндегі
аgentтігінің штаттық ұлттық
командалар және спорт
резерві дирекциясының басшысы |
| Захарин
Юрий Кузьмич | - Балуан Шолақ атындағы
Спорт және мәдениет
сарайының директоры |
| | (келісім бойынша) |
| Кан
Юрий Павлович | - Қазақстан Республикасы
Волейбол федерациясының
бас хатшысы (келісім бойынша) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК